

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Спорт және деңе тәрбиесі комитетінің мәселелері

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 мамыр N 539. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.11.19. N 1755 қаулысымен. ~P991755

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің мәселелері" туралы 1999 жылғы 12 наурыздағы N 233 P990233\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және деңе тәрбиесі комитеті туралы ереже;
- 2) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Спорт және деңе тәрбиесі комитетінің құрылымы;
- 3) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт

министрлігі Спорт және деңе тәрбиесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және деңсаулық сақтау министрлігінің Туризм және спорт комитеті туралы ережені бекіту туралы" 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1789

P971789\_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 56, 508-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 6 мамырдағы

N 539 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дene тәрбиесі комитеті туралы  
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дene тәрбиесі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқарушы және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ спорт пен дene тәрбиесі саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен.

P991093\_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясы мен зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген ұлгідегі бланкілері, сондай-ақ зандарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер зандарға сәйкес оған уәкілеттік берілсе, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша зандарда белгіленген тәртіппен Төрағаның бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жана редакцияда - КР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен.

P991093\_

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:  
Астана қаласы, М.Әуезов көшесі, 126.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - КР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен.

P991093\_

7. Комитеттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау, білім және спорт министрлігінің Спорт және дене тәрбиесі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады.

Комитетке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынасқа түсуге тиым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) спорт және дене тәрбиесі саласында мемлекеттік саясатты

қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының спорт пен дene тәрбиесін дамыту, спорттық резервтер мен халықаралық деңгейдегі спортшыларды даярлау;

3) спорт пен дene тәрбиесінің материалдық-техникалық базасын нығайту, олардың инфрақұрылымын дамыту;

4) спорттық қозғалысты насихаттау, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде спорт саласында ақпараттық-жарнамалық және баспа ісін дамыту;

5) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасында және шетелдерде спорт үйымдары үшін мамандар даярлауды үйымдастыру, олардың біліктілігін арттыру ;

6) спорттың түрлері бойынша республикалық жарыстар және спорт пен ойындардың Олимпиадалық, ұлттық және халықтық түрлері бойынша кешенді іс-шаралар өткізу болып табылады;

11. Комитет Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) спорт және дene тәрбиесі саласында мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады, спорт және дene тәрбиесі саласында мемлекеттік, ұлттық, перспективалық, ағымдағы және мақсатты бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

2) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, өзге де үйымдардың қызметін үйлестіреді, сондай-ақ облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен саланың өзекті проблемаларын іс-жүзінде шешуге қатысты мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасасады;

3) спорт және дene тәрбиесі саласына, оның ішінде спорт өнімдерін өндіруді дамыту үшін инвестицияларды тарту жөнінде бірыңғай стратегия әзірлейді және іске асырады;

4) мұдделі үйымдармен бірлесіп дene тәрбиесі және спорт саласында зерттеулер жүргізеді;

5) халықаралық, аймақаралық және ішкі спорттық байланыстарды жүзеге асырады;

6) өз құзыретінің шегінде ведомстволық бағыныстағы үйымдардың басшыларымен, мамандармен, жетекші жаттықтырушылармен және спортшылармен келісім шарттар жасасады;

7) спорт ғимараттарын пайдалану жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді, спорт үйымдарын жарақтандырудың нормативтерін және спорттық іс-шараларды , оқу-жаттығу процесін және жиындарды өткізу кезінде меншік нысандарына

қарамастан барлық спорт обьектілері мен ұйымдары басшыларының орындауы үшін міндettі техникалық қауіпсіздіктің ережелерін әзірлейді және бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының спорт және дене тәрбиесі мәселелері жөніндегі зандарын жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді, саланың халықаралық және аймақаралық шарттарының, үкіметаралық келісімдердің жобаларын дайындауға және іске асыруға қатысады;

9) спорт тауарларының республикалық көрмесін дайындауды және өткізууді, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде ақпараттық-жарнамалық және баспагерлік қызметті жүзеге асырады;

10) мемлекеттік спорт ұйымдарына ұйымдастыруышлық және әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

11) басқа мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп ұйымдастыратын спортық іс-шаралардың жоспарларын үйлестіреді, спортық іс-шаралардың, жарыстардың бірыңғай құнтізбелік бағдарламасын әзірлейді;

12) республикалық бюджеттен қаржыландырылатын спортық іс-шаралардың, жарыстардың өткізілуін бақылауды жүзеге асырады;

13) Қазақстан Республикасының құрама командаларын даярлауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасы спортшыларының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдеріндегі, Еуропа, әлем чемпионаттарына, Олимпиадалық және Азиялық ойындарға, басқа да халықаралық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;

14) мұдделі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп спортық резервті дайындау жөніндегі жұмысты жүргізеді, спорт клубтары, мектептері, ғимараттары, олимпиадалық даярлау орталықтары жүйесін дамытууды, сондай-ақ оларда оқу-жаттығу процестерін және допинг-бақылауды ұйымдастыруды үйлестіреді;

15) спорт пен дене тәрбиесінің негізгі көрсеткіштері бойынша статистикалық деректерді талдайды және қорытынды материалдарды мемлекеттік статистика органына ұсынады.

16) өзіне Қазақстан Республикасының зандарымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндettітерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін зандарда белгіленген тәртіппен:

1) халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіруге;

2) спорт пен дене тәрбиесінің мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, саланы әлеуметтік-экономикалық дамыту жоспарларының жобаларын әзірлеуге қатысуға;

3) кадрларды даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін

арттырудың бағдарламаларын бекітуге, симпозиумдар, конференциялар, семинарлар, оқытудың басқа да түрлерін және спорт пен дene тәрбиесі жөніндегі мамандармен тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша спорттық іс-шараларға қатысушыларды мемлекеттік материалдық қамтамасыз етудің нормативтерін бекітуге;

5) халықаралық, республикалық және аймақаралық жарыстар мен жиындар өткізуғе;

6) спорттық жарыстар мен жиындарды өткізудің, спорт түрлері бойынша спорттық жіктеудің тәртібін, бағдарламалық-әдістемелік құжаттарды және спорттық жарыстар мен жиындар өткізу жөніндегі жұмыстарды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекітуге;

7) республикалық спорт іс-шараларының жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне, спорт ұйымдарының қызметкерлеріне спорттық және құрметті атақтар беру, оларды медальдармен, белгілермен, дипломдармен, жүлделермен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапаттау, жаттықтырушы-оқытушылар құрамына спорттық санаттар беру мәселелерін шешуге;

8) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдардан өз міндетін орындау үшін қажетті ақпарат сұратуға және алуға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

### 3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілдермен оған билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

### 4. Қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрі қызметке тағайындастын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Комитеттің жұмысына басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауаптылықта болады.

18. Төраға осы мақсатта:

- 1) өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Комитеттің қызметкерлерін, ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
- 3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;
- 4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды, өз құзыретінің шегінде

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

- 5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Комитетте Төрағаның, Төрағаның орынбасарларының, бөлім бастықтарының құрамында алқа құрылады. Алқаның құрамына өзге адамдар кіре алады.

Алқаның сандық құрамын Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау, білім және спорт министрі, ал жеке құрамын Комитеттің төрағасы белгілейді.

## 5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1999 жылғы 6 мамырдағы  
N 539 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау, білім және спорт министрлігі Спорт және дene тәрбиесі комитеттің

## **құрылымы**

**Басшылық**

**Спорт бөлімі**

**Дене тәрбиесі-сауықтыру жұмыстары бөлімі**

**Мемлекеттік тапсырыс бөлімі**

**Бұқаралық-ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімі**

**Қазақстан Республикасы**

**Үкіметінің**

**1999 жылғы 6 мамырдағы**

**N 539 қаулысымен**

**бекітілген**

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Спорт және дене тәрбиесі комитетінің қарауындағы ұйымдардың Тізбесі**

1. Респубикалық спорттың бұқаралық түрлерінен жоғары спорттық шеберлік мектебі.
2. Спорттың ойындық және қыскы түрлері бойынша респубикалық жоғары спорттық шеберлік мектебі.
3. Респубикалық спорттың қолданбалы түрлері бойынша жоғары спорттық шеберлік мектебі.
4. Су спортының түрлері бойынша олимпиядалық резерв респубикалық балалар және жасөспірімдер мектебі.
5. Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған респубикалық мектеп-интернат.
6. Кәркен Ахметов атындағы спорттағы дарынды балаларға арналған респубикалық мектеп-интернат
7. Респубикалық спорт колледжі.
8. Қазақ мемлекеттік спорт және туризм академиясы.
9. "Монтажник" спорттық-сауықтыру кешені.

10. Биік таудағы "Медеу" спорт кешені
11. Балуан Шолақ атындағы спорт және мәдениет сарайы.
12. "Достық" оқу-спорттық кешені.
13. "Бутаковка" оқу-спорттық базасы.
14. Орталық жүзу бассейні.
15. "Қазспортқамтамасыз ету" басқармасы.
16. Штаттық ұлттық командалар дирекциясы.
17. Спорт резервтерін даярлау жөніндегі республикалық оқу-жаттығу орталығы.
18. Республикалық спортшылардың допингке қарсы лабораториясы.
19. "SPORT & KS" газетінің редакциясы.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 19-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.27. N 1264  
қаулысымен.

P991264\_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.